

городского образа жизни, который был прерван в XIII в. Цветущие города Казахстана были разрушены в результате татаро-монгольского нашествия. Резко сократилось их количество, были нарушены экономические связи города и степи. Лишь постепенно восстанавливается городская жизнь на юге Казахстана. В Семиречье городская культура гибнет в Илийской долине в конце XIII в., в Чуйской и Таласской долинах в XIV - начале XV в. [5, с.5].

Древние и средневековые города фокусировали территориальную структуру общества либо вокруг некоторой точки пересечения ряда социальных функций (культовой, административной, экономической, представленных храмом, дворцом, рынком), либо вокруг одной из них (культовый центр, торговый центр и т.д.). Это в полной мере подтверждают и города Казахстана, сформировавшиеся именно таким образом. Некоторые города возникли вокруг точки пересечения ряда социальных функций, а некоторые – вокруг одной, торговой. Но независимо от характера первоначального толчка развитие города приводило к тому, что в нем концентрировались различные социокультурные функции, на первоначальное ядро как бы наслаивались разнородные пласты. Таким образом, города Казахстана оказались многофункциональными [7, с.25].

Несмотря на многообразие, в городах Казахстана, независимо от их происхождения, места и времени основания, складывались общие принципы организации пространства и его атрибутика. Практически все города Казахстана располагали культовыми сооружениями, одним или несколькими рынками, зданиями городской администрации, укрепленным центром, домами знати, системой внешних фортификаций (стены, рвы, валы). К городу примыкала сельская округа, где отдельные горожане владели землями и угодьями. Внутри городских

стен также находилось место для пахотных участков, огородов и выпасов.

Города, как и люди, имеют свое прошлое и настоящее. Не зная их прошлого, трудно понять их нынешнее состояние и будущее развитие. Огромное количество древних и средневековых городов на территории Казахстана, их характеристика, взятая не только в контексте своего времени, но и сами по себе, дают представление об основных сторонах общественного строя казахов. Многие древние и средневековые города Казахстана навсегда исчезли с лица земли в результате войн или природных катаклизмов, а те, что остались, сохранили основы своей хозяйственной деятельности, особый политико-правовой статус и топографические признаки по сей день.

1. Байпаков К. Древние города Казахстана. - Алматы: Аруна, 2005.

2. Средневековые города Средней Азии и Казахстана: Тезисы докладов совещания в г. Фрунзе. - Ленинград: Наука, Ленинград. отд., 1970.

3. Раннесредневековая культура Средней Азии и Казахстана: Тезисы Всесоюзной научной конференции в г. Пенджикенте. - Душанбе: Дониш, 1977.

4. Савельева Т.В. Всесоюзное совещание в Алма-Ате. Международная ассоциация по изучению культур Центральной Азии // Информационный бюллетень. - 1982. - №3. - С. 96-99.

5. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XII в.). - Алма-Ата: Наука, 1986.

6. Гафуров Б.Г. Таджики: Древнейшая, древняя и средневековая история. - М.: Наука, 1972.

7. Долгий В.М., Левада Ю.А., Левинсон А.Г. Урбанизация как социокультурный процесс. Урбанизация мира // ВГ. - 1974. - № 96.

Бұл мақалада Қазақстан қалаларының қалыптасуы, өркендеуі және құлдырауы қарастырылады. Автор Қазақстан қалаларының өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

А. Құрманалиева, Г. Токтарова

ДІНИ ҰЙЫМҒА ТАРТУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі Қазақстандық қоғамда шешілмеген мәселелер қатарында дінге қатысты мәселені атауға болады. Көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет үшін діни тұрақтылықтың, тыныштықтың маңызы зор. Сол себепті еліміз үшін діни толеранттылық принциптерінің орны бөлек. Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан дін мен билік бір-бірінен дербес дамып

келеді. Сонымен қатар, демократиялық даму жағдайларына, діни сенім бостандығына сай елімізде діндердің еркін сұхбаттасу мүмкіндігі бар. Дегенмен, Қазақстан Республикасының зайырлылығы мен сенім бостандығын өз пайдасына пайдаланатындар да жеткілікті. Олар қазіргі кезде қоғамдық сана үшін, елдің тыныштығы үшін қауіп төндіретін секталар

деуге толық негіз бар. Өскелең ұрпақ осы секталар шырмауына түспес үшін, соларға тән сипаттарды, соның ішінде олардың секта қатарына тартудағы қолданатын әдістері туралы мәлімет беру секталарға тосқауыл қою ісіне қомақты үлес боларына сенімдіміз. Дін мәселесін билік органдары немесе мемлекет тарапынан заңды түрде шешу өкінішке орай мүмкін болмай отыр, мұның шешімі қоғамдық санаға әсер етуі мүмкін. Сондықтан дінге қатысты күрделі мәселелердің бірі – діни ұйымға «сыпайы күштеу» жолы – психологиялық әдістер табиғатын ашуды осы мақалада басты мақсат еттік.

Психологиялық әдістер адамға оның рухани дүниесіне, рухани әлсіздігіне бағытталатын болғандықтан, дінге тартудағы психологиялық әдістер туралы сөз бастамастан бұрын ең алдымен адам жаны туралы мәселені қарастырғанымыз жөн. Осы жерде З. Фрейдтің адам санасы туралы көзқарасын сараптауды жөн көрдік.

Адам жан-дүниесінің, яғни ғылымда қабылданған термин бойынша психикасының соншалықты күрделі екендігі соңғы екі ғасырда ғана айқындала бастады. Оған дейін ойшылдар адамның ойлануы, іс-әрекеттер жасауы тек қана сана арқылы болады деген пікірде болған. Адам табиғатын зерттеулер адам санасы мен қатар жасайтын бейсанада бар деген пікір айтты. Мұны алғаш дәлелдеген Австрия психологы З. Фрейд (1856-1939 жж.) болды [1].

Фрейд бойынша, сананы бейсаналылықтан ажырататын негізгі белгі келесі тұжырымға саяды: саналы процесстерде адам өз ойларын барлық уақытта біледі, ал бейсаналылықты, яғни саналы түрде іске аспаған психологиялық қызметті өз ойлауында білмейді, тіптен байқамайды, олардың не жөнінде, қалай, қашан болғаны жөнінде өзіне ешқандай есеп бере алмайды. Бірақ бұл білу, не білмеу назарға бірден ілігетін сыртқы белгі. Оны күнделікті тәжірибеден байқауға болады.

Фрейд пікіріне жүгінсек, бір-біріне қарсы пиғылдар, ұмтылыстар тартысында бейсаналық психикалық ұмтылыстар пайда болады. Адамдар мәдени ортада, қоғамда өмір сүретін болғандықтан, сол ортаның талаптары мен нормалары да әрбір жеке адамның пиғылына психикалық мұқтаждықтары мен ұмтылыстарына айналуы сөзсіз. Ал олар адам ағзасының табиғи ұмтылыстарына тежеу салады, оларды белгілі бір арнаға, ережелерге бағындыруға тырысады. Енді жабайы адамның инстинкттері мәдениет нормаларының аясында өтуге мәжбүр. Яғни жаратылысынан туындайтын мұқтаждықтар мен мәдени талаптарының арасында ешқашан жоғалмайтын қайшылық бар. Олар кейбір нақты

жағдайларда тікелей араздыққа тіпті жауластыққа дейін күшейеді. Оларды бір-бірімен бітістіріп, ымыраға келтіретін, сол арқылы бейсаналықтың қараңғы түнегінен шығып жататын психикалық импульстерді басып, құрсауда ұстайтын саналы процесс. «Мен» («Его») – саналы процесс қарама-қарсы екі күшті де қамтуға тырысады. Біріншіден, дүлей инстинкттерді тежеп не реттеу үшін, екіншіден, мәдениеттің, әлеуметтік ортаның тым қатаң талаптарын жұмсарту үшін олардың әр қайсысын сананың жарық дүниесіне тартып, ымыралық жағдайда біріктіреді. Адамдағы кейбір пиғылдар белгілі-бір мәдени ортаның талаптарына, әсіресе адамгершілік нормаларына тым қайшы келетін болса, ондай пиғыл саналы түрде оның өзі білетін нәрседен, яғни сана аясынан бейсаналықтың қараңғы түкпірлеріне ығыстырылады. Олар адамның өзі кейде тіпті білмейтін, өз жанында сондай пиғыл мен тілектің бар екенін сезбейтін дәрежеде ығыстырылып немесе басылып, итеріліп тасталуы мүмкін. Өз пиғылы, белгілі бір пайда болған тілегі оның өзіне соншалықты ұятты, масқара нәрсе болып көрінгенде де осылай болады. Яғни, бір пиғылдың үстемдігі екінші оған жат пиғылды сананың аясынан алаңсыз жоғалтып жіберуі мүмкін. Бірақ, ол пиғыл жан дүниесінен мүлде жоғалып кетпейді, ол тек сана дүниесінен құриды, ал әрбір қолайлы сәтте бейсаналықтың түбінен сананың бетіне қалқып шығуға даяр тұрады. Сондықтан адам санасы осындай халде оның жолына әртүрлі тосқауылдар қойып, оны алаңсыз бітеп тастауға пейілді. Бірақ жоғалмаған мұқтаждықтың жұмсалмаған қуаты көбейген сайын тосқауылдар мен бөгеттерді бұзып шығу ықтималдығы әрқашан бар нәрсе. Фрейдтің айтуынша, осы бір адамдағы екі «меннің» араздығы жеке бір адамдарды психикалық дертке душар етеді. Ол, сол адамның психикалық ерекшелігіне, мінезіне, т.б. байланысты.

Бір адамда екі, ал кейде тіпті бірнеше «мендердің» барлығы ғылымда көптеген фактілер бойынша анықталған.

Қазіргі кездегі кең таралып жатқан деструктивті секталар да өз қатарына адам тарту мақсатында жоғарыда келтірілген тұлға психикасының осал тұстарын пайдаланып, сана бақылауын орнатады.

Деструктивті секта бақылауына түсу екі адамның өзара араласуы нәтижесінде болады. Бірі иландыру, қарату, пікір өзгерту және пікір қалдыра білу сияқты тактикаларды жақсы меңгерген культ мүшесі, яғни дінге тартушы болса, екіншісі иланғыш, күнделікті күйбең тірлік мәселелеріне шырмалған қарапайым адам. Секта мүшелері дінге адам тарту саласының, яғни өз істерінің шеберлері, олар адамның қиын

элеуметтік және тұрақсыз психологиялық жағдайдағы кезеңін аңдиды. Мұндай адамдар қатарына кез – келген қоғам мүшесі жатады, соның ішінде, жоғарғы оқу орындарының студенттері (әсіресе, бірінші не соңғы курс студенттері), егде адамдар (еңбек демалысына енді шыққандар немесе көп уақыт жалғыздықта жүргендер), өтпелі кезең ықпалында жүрген жеткіншектер, мигранттар, стресс құрсауында жүрген (жақын адамның өлімі, ауру, ажырасу, т.б.) қарапайым адам, яғни достық қолдауға, түсіністікке мұқтаж адамдар.

Сонымен қатар, секта қатарына өту қауіпін-дегілерді батыс ғалымдары «шынайы сенушілер» деп атап кеткен, төмендегідей адамдар категориясын көрсетсе болады: рухани ізденіс үстіндегілер, ойлануда, ой қорытуда көркемдік қабілеті мол жандар, паранойяға жақын, ауыр психозәбір көрген адамдар, жартылай отбасы мүшелері, интернетте көп отыратындар мен туыстарының ішінде секта мүшесі бар жандар.

Сектаға тартушы қандай болуы мүмкін деген сұраққа Америкалық отбасылық қордың сектадан қорғану кеңестері берілетін брошюрасында сектаға тартушының мынандай төрт сипатын көрсетеді [2]:

«Ол достық ниеттегі ең мейірбан жан;

Ол өзі сұхбаттасып отырған адам ұнататын нәрселердің бәрімен айналысады не қызығушылық танытады;

Ол сұхбаттасып отырған (болашақ секта мүшесінен) адамнан мақтаулар мен қолпаштауларын аямайды;

Оның сұхбаттасушы адамды қинайтын барлық сұрақтарға жауабы бар».

Жоғарыдағы әрекеттерге сай адамның илану деңгейін байқау үшін сектаға тартушы келесідей әрекеттер жасайды:

- тұлғаның жай-күйін, жағдайын жақсы түсініп отырған кейіп танытады, өз кезегінде тұлға мұндай түсінігі мол жанға сенеді.

- егер тұлғаның ерекше қызығушылықтары болса, оның да сол нәрселермен айналысатыны немесе айналысып жүрген достары көп екендігін, қаласа таныстыра алатындығы сияқты әңгімелер айтады.

- жақын аралықта отырып, көзбен байланыс ұстау арқылы психологиялық шабуыл жасауы мүмкін;

- сұхбаттасу нәтижесінде анықтаған мәліметтері арқасында сектаға тартушы тұлғаны өз достарының ортасына шақырады.

Мұндай әдіс арқылы тұлғадан өзіне керекті мәліметтер алу үшін секта мүшесіне аз дегенде он бес минут жеткілікті. Ал өз ортасына шақыру үшін тұлға қызығушылығына сәйкес, мысалы, «адам мүмкіндіктері туралы семинар», «жаһандық мәселер», т.б. сияқты тақырыптағы

семинарлаға шақырады. Тұлға үшін өзінің жаңа танысы өте білімді, қарапайым, тәрбиелі болып көрінуі мүмкін.

Сектаға алғаш келген тұлғаға ерекше назар аударылып, мақтаулар мен қолпаштаулар көрсетіледі. Жаңа келген тұлға секта мүшелерімен сұхбаттасуға тартылған соң, ол топтық психологиялық қысым атмосферасында қалады. Бұл басты саты «махаббатпен бомбылау» деп аталады, ол бойынша жаңа келген адам барлық күмәндарынан айырылып, «жаңа отбасына» деген ықыласы күшейе түседі. Рухани тұтастық сезімін тудыру үшін түрлі ойындар ойналып, өлеңдер айтылып, құшақтасулар, мақтау сөздер, қолдан ұстау сияқты ұсақ-түйек қимылдар жасалып, нәтижесінде адамға өзі келген жаңа орта тек өзін күткендей, мұндағылардың бәрі өзімен сұхбаттасқанды ұнататындар деген ойлар келіп өзін нағыз жанашырларының арасында жүргендей сезінеді. Жаңа келген адам бір минутта назардан тыс қалмайды, мысалы «Бірігу шіркеуінде» «сэндвич» деп аталатын процедура қолданылады. Ол бойынша, жаңа келген адам әр қашан көмекке, сұхбаттасуға, түсіндіруге дайын екі адепттің қарамағында болады [3]. Бұл әрекеттердің барлығы тұлға міндеттемелерді қабылдап, топқа үйренгенше жалғасады. Кейін тұлға өзінің алғашқы «досын» сирек не мүлдем көрмейді, өйткені ол басқа құрбандар іздеуде болады.

Келесі сатыда тұлғаның санасын толық бақылауға алу үшін алдын-ала белгіленген әдістерді қолданулар басталады.

Уақытты бақылауға алу, яғни жаңа келген дінге сенушінің күн тәртібін есептелеген қатаң кестемен алмастырады. Кесте мынадай болуы мүмкін: лекциялық марафон, ұзақ уақыт алатын топтық кездесулер, отырыстар, жеке-жеке берілетін интенсивті консультациялар, билер мен жаттығулар, елес тудыратын гипноздық жаттығулар, медитациялар, бір ырғақтағы әндер айту, дұға оқу мен тәубеге келулер. Бұл әрекеттер физиологиялық және эмоционалды қысыммен байланысты болғандықтан, тұлғаның жалғыз қалып, ойлануға, демалып, тынығуына, тамақ ішуіне аз не мүлдем уақыт қалдырмайды.

Сектанттардың қолданатын бұл әдістері психологиялық қорғаныстың әлсіреуі, назардың төмендеуі, физиологиялық және эмоциялық әлсіздік, топтағы өзгерістерді сыни сараптау мүмкіндігінен айырылу, ой қорытудың болмауы және арбауға тез иланғыш қалыпқа түсіретін транстық күйде жүруге алып келеді.

Ақпараттық бақылау, газет, теледидар, радио және сектадан тыс адамдармен араласу сияқты ақпарат көздерінен айыру не олар туралы жалған мағлұматтар тарату. Олардың орнына секта ілімінің ақиқаттығы мен

абсолюттілігі туралы мәліметтер белсенді түрде енгізіледі. Бұл ақиқатты сақтау және әлемді құтқару үшін қандай қызметтер атқарылуы тиіс деген секілді культ мақсаттары үшін керекті ақпараттарды сақтау жүктеледі. Бұл мақсатта оқылатын лекциялардың атаулары оны оқитын адамдар өзгеріп отыруы мүмкін, алайда оның ішіндегі түйін, ой сол қалпы өзгеріссіз қалады.

Нәтижесінде, ақпаратсыздық тұлғаны салыстыру мүмкіндігінен айырып, секта туралы сыни ой қорытуларға кедергі жасайды. Жаңа келген адам өзін «құпия ілім мен мақсаттың» сақтаушысымын деп есептейді, өзінің өзгелерден ерекшелігі мен культ мүшелерімен бір тұтастығын сезінеді.

Тілдік манипуляция, немесе, нейролингвистикалық кодтау: қолданыстағы сөздерге жаңа мән, мағынасы ұғынылуы қиын жаргондармен толтырып қолдану сияқты тәсілдер пайдаланылады. Мысалға, «Құдайылық нұр миссиясы» қоғамында «білім» сөзінің мағынасы бастапқы сатыда үйретілетін медитацияның төрт әдісін білдірсе, «сана» сөзі жаман ойлар мен адамды Құдайдан алшақтататын жаман күш болып беріледі, ал «әлем» «Құдайылық нұр миссиясынан» тысқары жатқан, қол жеткізбес дүние болып табылады [4].

Бұл әдісті қолдану нәтижесінде, тұлға өзін арнайы тіл меңгерген топ мүшесі сезінеді. Сектадан тыс ортада бұл тілді өзгелердің түсінбеуіне байланысты дистихция, яғни, «біз» «олар» болып бөлінушілік туындайды. Тұлғалық ориентацияның радикалды өзгеруі (жаңа есім, жаңа тіл, жаңа «отбасы»), бұрынғы өмірлік модустен бас тартқан, психологиялық өзгерістер байқалатын дінге сенушіні қалыптастырады.

Рационалды, сыни ойлардан бас тартқызу арқылы көптеген секталар тұлға тарапынан туындайтын сын мен сауалдарға «уақытымен бәрін түсінесің», «саған ақиқат ашылатын уақыт келмеді» деген жауаптармен, немесе, «барлық күмән түбінде шайтан жатыр», «егер Құдайды танығың келсе рационалдыңтың шекарасынан шығуың керек» деген талаптар арқылы тыйым салады.

Мұның салдарынан тұлға сауал қойып, өзінің интеллектуалды қабілеттерін қолданып культ, туралы сыни ойлар ойлап, күмән тудырғаны үшін өз-өзін кінәлайды. Тұлға өз санасын қалыптылықты бұзушы жаман күш, күмәндар бастамасы, шайтан құралы деп қарастыра бастайды.

Транс тудыратын әдістерге үйрету, медитация, бір ырғақтағы ән айту, мағынасыз сөздерді қайталау, өзіндік гипноз, бейнелерді елестетулер, тыныс алу жаттығулары (қанды оттегіге тарықтырып не тым көбейту арқасында, ми әрекетінің өзгерісіне әкеледі) болуы мүмкін.

Өз-өзін ұстаудың мұндай формасы тұлғаның өзін Құдайылық күшке қатысы бардай сезіндіреді. Транс қалыбы әдетте жайлылық сезімін тудыратын болғандықтан, бұл қайталап трансқа ену құмарлығын оятады. Ең бастысы клиникалық тәжірибелер көрсеткендей транс күйіндегі адам өз санасындағы сыни тұжырым жасау қабілетінен айырылады. Нәтижесінде адам әдеттегі қалпына қарағанда трансқа енгізілген мағлұматтарды талқылау қабілеті төмен болады деген сөз. Кейбір тұлғаларда транс психологиялық ауытқулар тудыруы мүмкін.

Тәубеге келу (бар сырын айту) тұлғаның өткен шақтағы құпияларын, қазіргі кездегі күнәлері мен жаман іс-әрекеттерін, немесе күмән тудыратын ойларын көпшілік алдында мойындатуға әкеледі.

Мұның салдарынан тұлға басында ұялу мен кінәлілік сезімі пайда болады, кейін жеңілдеп, ауыр жүктен құтылғандай әсер алады. Кейде мұндай әрекетке тәуелділік синдромы да байқалады. Алайда культтен кету кезінде бұл мәліметтер адепттің өзіне қарсы қолданылады.

Топтық қысым - топ алдында ант қабылдату, топтық жарғыны мойындату секілді іс-әрекеттер арқылы атқарылады. Жеке ой қорыту топтық ой санамен, жеке мүдде топтық мүддемен алмастырылады. Нәтижесінде тұлға өз бетімен шешім қабылдау секілді қалыпты нәрселерден айырылып, топқа тәуелділікке ұшырайды.

Мұндай деструктивті әдістердің әсерінде болған адам, міндетті түрде сана бақылауында болады, ондай тұлғалар күнделікті жұмыс атқарып, жанұялы болуы мүмкін, алайда ол – өз бетімен ой ойлау, қорыту қабілетінен айрылған тұлға. Деструктивті секта мүшесімен, яғни сана бақылауындағы тұлғамен рационалды дәрежеде сұхбаттасу мүмкін емес, өйткені ол шынайы өмірден тыс секта критерийлеріне сәйкес әрекет етеді. Деструктивті секталарда қолданылатын әдістердің ең қауіпті жағы – тұлғаға жалған шынайылық таңып, қоғамнан алшақтату. Бір қоғамда, бір отбасында әлемді түрліше қабылдайтын тұлғаларды көбейту, өз бетімен шешім қабылдай алмайтын тек секта көсемдеріне тәуелді адамдар шебін құру – деструктивті секталардың басты мақсаты. Мұндай келеңсіздікпен күрес шынайы ақпарат тарату болып табылады, яғни мектептерде, колледждерде, университеттерде дінтанушы мамандармен кездесулер өткізіп, сектаның не екендігі туралы дұрыс мағлұмат беру бірінші саты болса, келесі сатыда дінтану сабағын мектептік пән ретінде енгізу (бүгінгі таңда оған қол жеткізіліп отыр), оқулықтар шығару, үшінші сатыда ең шешуші мәселе діни сенім туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу болып табылады. Қазіргі

таңда секта қатарында жүргендер саны күн санап артуда, бұл мәселелердің барлығы еліміздің ірі қалаларында сектадан зардап шеккендерге Еуропа тәжірибесіне сүйеніп орталықтар ашу, олардың ортақ сайттары мен басылымдарын жариялау қажеттігін туындатып отыр.

1. Фрейд З. *Психология бессознательного*. – С.М.: Просвещение, 1989. – С.248-255.

2. Хассен С. *Контроль сознания и феномен культа*. – М., 2000. – С.102.

3. Хассен С. *Контроль сознания и феномен культа*. – М., 2000. – С.67.

4. Волков Е.Н. *Методы вербовки и контроля сознания в деструктивных культах*. – Журнал практического психолога. – 1996.–№ 6. – С 17.

В статье рассматриваются особенности психологических методов привлечения в деструктивные секты. Особо отмечается один из основных методов как контроль над сознанием.

The article is considering the features of psychological methods of attraction in destructive sects. And there is especially marked one of the basic methods as the control above consciousness.

Н.А. Кебина

ИСТОРИЯ ФИЛОСОФИИ И ПРОБЛЕМА СМЫСЛА ЖИЗНИ

Поиск ответов на вопросы о смысле жизни невозможен без обращения к истории философии, где мы найдем множество «советов», «мнений и сомнений» мыслителей, стремящихся оградить людей от духовного варварства, открыть в каждом человеке «разумное, доброе, вечное», предупредить, что необходимо заботиться не только о средствах жизни, но и о целях жизни.

Одна из основных тенденций историко-философской эволюции – поиск смысла, неотделимого от сущности и существования человека и определяющего его предназначение. Протагор провозгласил человека мерой всех вещей, поэтому традиционно первый интерес к проблемам человека связывают с учением софистов, но смысложизненные проблемы пронизывают всю античную философию. Интересен подход к проблеме смысла в этическом рационализме Сократа: смысл жизни – особый род исследования, направленного на самопознание и духовное самосовершенствование человека. Выдающийся античный мыслитель считал самопознание определяющим философским принципом, что убедительно доказал разработкой представления о философии как образе жизни. «Сократовское самопознание – это поиск общих (прежде всего этических) определений, это забота о своей душе, о своем предназначении. Ориентация на познание общего или всеобщего (нравственного и вообще идеального), установка на оценку в свете этого всеобщего и на гармонию между внутренними побудительными мотивами и внешней деятельностью для достижения благой и осмысленной жизни» [1, с. 203]. Самопознание, таким обра-

зом, неотделимо от размышлений о взаимоотношении познания (знания) и добродетели.

Сократ – основоположник диалогического постижения смысла. Лукавая, мудрец «провоцирует» собеседников вступить в спор, освободиться от самоуверенности и сообща искать истину, исследовать глубины, «закоулки» своей души. Мотивы и цели по Сократу принципиально отличаются от телесных желаний. «Не брать, а отдавать» – вот направление нравственного поведения человека, способного уравновесить свой эгоизм. Духовный человек стремится служить людям вплоть до самоотречения. Не случайно сам Сократ остался в веках, как человек ценою собственной жизни отстоявший свои идеалы, явивший пример постижения смысла и служения ему. Даже *смысл его смерти* стал доказательством и воплощением *смысла его жизни*.

Гибель Сократа стала не только тяжелой утратой для его ученика Платона, но и исходным пунктом его самостоятельной философии, где одно из основных положений – неприятие мира вещей как отторгнувшего, убившего учителя. «Идея», как «замысел», воплощенный в определенном материале, первична и определяюща по отношению к вещам. Идея – это особенно важно для нашего исследования, у Платона одновременно и сущность вещи, фундаментальное основание бытия, и гипотеза (проект), содержащий в себе закономерность перехода от идеи к её воплощению, и метод осуществления, и принцип существования. Платон – противник тех, кто пытается объяснить мир из него самого. Мир культуры у Платона не порождает идеи, а сам порождается идеями, которые не от мира.